

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы



Дефектологтың тәрбиешілермен өзара қатынас журналы

Дефектолог: Мамбетиярова А.А

2023-2024 оқу жылы

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
18.09.2023ж	«Балабақша-біздің екінші үйіміз»	Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру. Балабақшаның балаларды көп нәрсеге үйрететін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру.	Балаларға балабақша қуаныш пен сүйіспеншілік үйі екенін түсіндіру. Балабақша қызметкерлерімен, топпен таныстыру. Ойындар: «Иесін тап» Шарты: балаларға мамандық иелерінің құралдары беріледі. Балалар сол құралдардың иесін тақтадан тауып, құралын қасына іліп қояды. «Құрастырайық» Шарты: балаларға 4 бөлікке бөлінген суреттер беріледі. Балалар суретті құрастырып, қандай сурет шыққанын айтады. Балабақшадағы күн тәртібін қайталау.	Топтағы балалармен жүргізу
19.09.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
20.09.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
21.09.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
22.09.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: Моншақтарды түстеріне сәйкес ыдысқа бөліп салу «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды. Ұсақ моториканы дамытады, зейінін тұрақтандырады, түсті ажыратуға, қабылдауға көмектеседі. Қолдың бұлшық еттерін бекітеді.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
25.09.2023ж	«Менің ойыншықтарым»	Балаларды ойыншықтармен таныстыру арқылы танымдық даму деңгейін көтеру; ұсақ қол моторикасын дамыту; пирамиданы дұрыс құрастыруды үйрету; ойыншықтарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай ажыратуға дағдыландыру.	Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтың аттарын қайталау.	Топтағы балалармен жүргізу
26.09.2023ж			Ойындар: «Ерекше допты тап» Шарты: балаларға 4 доптың суреттері беріледі, соның ішінен ерекшесін тауып белгілейді.	Топтағы балалармен жүргізу
27.09.2023ж			«Не жоқ?» Шарты: 2-3 ойыншықтарды тізіп қойып, соның ішінен бір ойыншықты жасырамыз. Балалар қай ойыншықтың жоғалғанын айтуы қажет.	Топтағы балалармен жүргізу
28.09.2023ж			«Бірге табайық» Шарты: балалар көзін жұмып, дорбаның ішінен бір ойыншықты алады. Таңдаған ойыншығының не екенін және сипаттап айтып береді.	Топтағы балалармен жүргізу
29.09.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Сынып қалған суреттер»

Балалар, үстел үстінде әртүрлі көңіл-күйді суреттейтін, бірақ сынып қалған суреттер жатыр. Суретті құрастырып, қандай эмоция шыққанын өз әрекетімен көрсету.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
02.10.2023ж	«Күзгі табиғат»	Балалардың күз туралы түсінігін кеңейту.Күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер туралы және күз мезгілінің астық, жеміс - жидек, көкөністерді жинау мезгілі екенін күздегі ауылшаруашылық еңбек түрлері жөнінен білім беру.	Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.Айларын атап,жапырақтың түстерін ажыратуға үйрету. Ойындар: «Көкөністер мен жемістерді жина» Шарты:балалар екі топқа бөлінеді.Әр топ өзіне тән заттарды тез арада жинап алады. Тыныс жаттығуы: «Күзгі жапырақтар» Шарты:мұрынмен терең дем алып,ауызбен дем шығару арқылы кішкентай жапырақтарды үрлеп ұшыру. Суретпен жұмыс Тақтадағы күз мезгілінің суретімен таныстырып, сол сурет арқылы балаларға сұрақ қою.	Топтағы балалармен жүргізу
03.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
04.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
05.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
06.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: Баулармен ойындар

Сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игеруіне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандыра-ды, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
09.10.2023ж	«Көкөністер»	Баланың көкөніс туралы білімін кеңейту. Көкөністерді сипаттай білуге үйрету. Жемістерден көкөністерді ажырата білуге, заттарды салыстыра білуге, геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды таба білуге дағдыландыру, сурет салу әдістерін дамыту.	Көкөністер туралы түсінік беру. Көкөністердің аттарын қайталау. Ойындар: «Танып біл және ата» Шарты: Суреттер арқылы көкөністерді атау. Бір сөзбен атау. Пияз, қызанақ, қияр, картоп. «Көңілді көкөністер» Шарты: Көкөністің атын атап, бақша суретіне жапсырады. «Көкөністер» Шарты: жемістер мен көкөністерді араластырады. Балалар соның ішінен көкөністі бөліп алып шығып, атын атайды.	Топтағы балалармен жүргізу
10.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
11.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
12.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
13.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: Ермексазбен жұмыс

Балалар өзіне ұнаған жемісті таңдап, соны ермексазбен жасайды.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
16.10.2023ж	«Жемістер»	Балалардың жемістер туралы білімдерін арттыру. Жемістерді пішіне және негізгі түстеріне қарай ажырату, топтастыру. Қышқыл жемістер арқылы дәм сезуді дамыту (лимон, қараөрік).	Жемістер туралы түсінік беру. Жемістердің аттарын қайталау.	Топтағы балалармен жүргізу
17.10.2023ж			Ойындар: «Ғажайып сөмке» Шарты: сөмкенің ішіндегі затты қарамай, қолға ұстап қандай жеміс екенін табу. Түсін, пішінін атау.	Топтағы балалармен жүргізу
18.10.2023ж			«Ретімен қой» Шарты: балаларға алмұрт, банан, алма беріледі. Ал, тақтада түстер жабыстырулы тұрады. 1-қызыл, 2-сары, 3-жасыл. Балалар сол түс ретімен жемістерді орналастырады.	Топтағы балалармен жүргізу
19.10.2023ж			«Дәміне қарай ажырат» Шарты: Үстел үстіне кесулі жемістер беріледі. Балалар көзін жұму арқылы жемісті жеп, қандай жеміс екенін сипаттап айтады.	Топтағы балалармен жүргізу
20.10.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: Моншақтармен жұмыс

Екі қолдың да бағдарлауын арттырады. Балаға тізуге арналған бау және әр түрлі тендіктегі, әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
23.10.2023ж	«Менің отбасым»	Отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін атап айтуға үйрету. Отбасы мүшелері арқылы көлемді қабылдауын дамыту (кіші, үлкен, өте үлкен). Сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Отбасы туралы сурет бойынша әңгімелеу. Отбасы мүшелерінің атын атату. Ойындар: «Менің жанұям»	Топтағы балалармен жүргізу
24.10.2023ж			Шарты: бөлікке бөлінген суретті құрастырып, сол шыққан суреттен отбасындағы мүшелердің атын атау.	Топтағы балалармен жүргізу
25.10.2023ж			«Күн мен түн» Шарты: сендердің араларында күн мен түн жатыр. Мен сендерге әртүрлі жағдаятты айтамын. Олар әр отбасында болатын жағдай: егер бұл жағдай әр отбасына бақыт сыйлайтын болса күнді көрсетіндер, егер жаман қылық көңіл қалдыратын болса түнді көрсетіндер.	Топтағы балалармен жүргізу
26.10.2023ж			Сұрақтар қойылады.	Топтағы балалармен жүргізу
27.10.2023ж			-Аналарына көмек бересіндер ме? -Достарынды ренжетесіндер ме? -Туған күнді тойлаймыз ба? және т.б.	Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Қоянды тамақтандыр»

Шарты: балаға қоян мен сәбіздер беріледі. Балалар сол сәбіздерді қолдану арқылы қоянды тамақтандырады. Қоянды тамақтандырып болғаннан кейін бала қоянның неше сәбіз жегенін санап айтуы қажет.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
30.10.2023ж	«Сезім мүшелері»	Балаларға сезім мүшелерін (көз, құлақ, тіл, мұрын) атап таныстыру; сезім мүшелерін тіл арқылы тәтті-ащыны ажырату, құлақ арқылы дыбысталуды ажырата алуға үйрету.	Балаларды сезім мүшелерін ажыратуға үйрету..Атқаратын қызметтерітаныстыру.	Топтағы балалармен жүргізу
31.10.2023ж			Ойындар: «Дәміне қарай ажырат» Шарты: Жемісті дәміне қарай ажырату. Бала дәміне қарай қандай жеміс екенін айтады.	Топтағы балалармен жүргізу
01.11.2023ж			«Дауысынан таны» Шарты: балаларға үй жануарларының дауысын тыңдатып, қандай үй жануары екенін сұраймыз.	Топтағы балалармен жүргізу
02.11.2023ж			Сәйкестендір -Балаларға суреттер беріледі.Сол суреттерге қарап, әр сезім мүшелерінің сәйкестігін табады.	Топтағы балалармен жүргізу
03.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: Дыбыстық жаттығу

Жылан қалай дыбыстайды?	-с-с-с-с-с
Ара қалай дыбыстайды?	-з-з-з-з-з
Сиыр қалай дыбыстайды?	-мө-мө-мө
Қой қалай дыбыстайды?	-мә-мә-мә
Әтеш қалай дыбыстайды?	-ку-ка-ре-ку
Мысық қалай дыбыстайды?	-мяу-мяу-мяу

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
06.11.2023ж	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	Балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру. Бағдаршам арқылы негізгі түстерді (қызыл, жасыл, сары) ажырата алуға үйрету.	Балаларды қауіпті және қауіпсіз заттармен таныстыру.Сақ болуды үйрету.	Топтағы балалармен жүргізу
07.11.2023ж			Ойындар: «Қауіпті және қауіпсіз заттар» Шарты:қауіпті және қауіпсіз заттар туралы түсіндіріліп,оларды екі ыдысқа бөліп салады.	Топтағы балалармен жүргізу
08.11.2023ж			«Бағдаршам қандай?» Шарты: бағдаршам туралы түсінік беру және олардың түстерін қайталау.	Топтағы балалармен жүргізу
09.11.2023ж			Апликация жасау Түрлі-түсті қағаздарды пайдалана отырып, бағдаршам жасау.	Топтағы балалармен жүргізу
10.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Санды дұрыс құрастыр»

Шарты: балаларға бөлшекке бөлінген сандар беріледі.

Балалар бөлшектерді біріктіру арқылы санды құрастырады.Қандай сан шыққанын айтады.

Күннің ІІ жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
13.11.2023ж	«Үй жануарлары мен төлдері»	Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыру. Үй жануарларының дауыстарын ажырату арқылы есту қабілетін дамыту.	Үй жануарларының атын атауға және қалай дыбысталатынын ажыратуға үйрету. Ойындар: «Анасын тап» Шарты: тақтада үй жануарлары ілінген, ал сендер осы үй жануарларының қасына аналарын орналастыруларың керек. «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Шарты: бірінші балаларға үй жануарларының қалай дыбыстайтынын айтып, тыңдатамыз. Содан кейін үнтаспадан жануарлардың дауысы қойылады, балалар қай жануарлардың дауысы екенін табады. Логикалық есептер - Суретте неше қой жайылып жүр? - Қоянда неше құлақ бар? - Сиырдың неше бұзауы бар? (суреті көрсетіледі)	Топтағы балалармен жүргізу
14.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
15.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
16.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
17.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Эмоцияны көрсет» ойыны

Мақсаты: балаларды эмоцияны анықтауға және білдіруге үйрету.

Күннің ІІ жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
20.11.2023ж	«Үй жиһаздары»	Балаларды үй жиһаздарымен таныстыра отырып атауын үйрету. Үй жиһаздарын қатты және жұмсақтылығы бойынша салыстыру. Ұсақ моторикасын дамыту.	Сурет арқылы үй жиһаздарымен таныстыру.	Топтағы балалармен жүргізу
21.11.2023ж			«Жиһазды құрастыр» Шарты: 4 бөлікке бөлінген жиһаз бөліктерін жинап, қандай жиһаз шыққанын айтады.	Топтағы балалармен жүргізу
22.11.2023ж			«Не жоғалды?» Шарты: балаларға 3 үй жиһазының суреті көрсетіліп, таныстырылады. Содан кейін 1 үй жиһазының суреті жасырылады. Балалар жоқ жиһазды табады.	Топтағы балалармен жүргізу
23.11.2023ж			«Не артық?» Шарты: үй жиһазына қатысы жоқ артық суретті шығарады.	Топтағы балалармен жүргізу
24.11.2023ж			Құрастыру Шарты: қонақ бөлмесіне арналған жиһаздарды құрастырады.	Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Не жоғалды?»

Шарты: балаларға 3 үй жиһазының суреті көрсетіліп, таныстырылады. Содан кейін 1 үй жиһазының суреті жасырылады. Балалар жоқ жиһазды табады.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
27.11.2023ж	Өткен тақырыптарды қайталау		«Салыстырайық» - Балалар, мына ойыншықтар қалай аталады? -Мына қуыршақ қандай? -Үлкен -Ал мына пирамида қандай? -Кішкентай. (Осылай барлық ойыншықтарды салыстырады) - Мына доп қандай? - Мұнда жұмсақ доп, ал мұнда қатты доп. «Ұқсасын табу» Шарты: балаларға пішіндер таратылады. Сол пішінге ұқсас заттарды жинап, қандай пішін екенін атап айтады. «Ойнамақ» Шарты: Қағаздағы геометриялық пішіндердің орналасуын қарап, дәл солай пішіндерді орналастырамыз. 	Топтағы балалармен жүргізу
28.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
29.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
30.11.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
01.12.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: Тыныс алу жаттығуы: «Зымыран»

Шарты: мұрынмен терең дем алып,екі жақтан қолымызды жоғары созамыз, алақандарымызды беттестіріп, қатты қысамыз, аяқтың ұшымен тұрып жоғарыға созыламыз, тыныс шығармаймыз. «А»дыбысын айтып, терең дем аламыз, қолдарымызды төмен түсіреміз.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
04.12.2023ж	«Ыдыстар»	Балаларға ыдыстар туралы түсінік беру. Атын атауға және ажырата алуға, сипап сезу арқылы көлемі (үлкен кіші) бойынша салыстыруға үйрету. 2 көлемдегі ыдыстарды қабылдауға және жіктеуге дағдыландыру.	Балаларға ыдыстардың суретін көрсету және атын қайталап, жаттау. «Сықырлы дорба» Шарты: Дорбаның ішінде әртүрлі ыдыстар болады. Балалар дорбаның ішінен ыдыстарды таңдап алып шығып атап, ажыратады. «Үлкен – кіші». Шарты: Ыдыстарды көлемі бойынша ажыратады. Үлкен ыдыстарды оң жаққа, кіші ыдыстарды сол жаққа бөліп жинайды.	Топтағы балалармен жүргізу
05.12.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
06.12.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
07.12.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
08.12.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма:
Саусақ ойыны:
«Күріш ботқасын пісіреміз»

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
11.12.2023ж	«Отаным менің Қазақстан»	Тәуелсіз Қазақстан туралы білімдерін кеңейту. Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру; Қазақстан рәміздерін құрметтеуге үйрету; тудың пішінін, түсін ажырату; тудың суретін қарай отырып, бейнелеген суретті сипаттау.	Тәуелсіздің мерекесі туралы қысқаша түсінік беру. Рәміздерді қайталау.	Топтағы балалармен жүргізу
12.12.2023ж			«Өз туынды тап» Шарты: балалар ең бірінші ҚР туымен танысады. Содан кейін басқа тулардың арасынан өз туын табады.	Топтағы балалармен жүргізу
13.12.2023ж			«Құрастырайық» Шарты: балаларға тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер пішіндері беріледі. Керек пішіндерді таңдау арқылы балалар тудың суретін суреттегідей құрастырады.	Топтағы балалармен жүргізу
14.12.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу
15.12.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Не артық?»

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеті дамыту мен заттардың жалпылама түрін білуге үйрету.

Шарты: балаларға төрт суреттен беріледі. Үш суретке қатысы жоқ артық суретті көрсетеді.

Күннің ІІ жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
19.12.2023ж	«Алақай, қыс келді!»	Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қағазды қолдана отырып, аққала жасау. Аққала жасау арқылы пішіндерді ажыратып, ұсақ қол моторикасын дамыту.	Балаларға қыс мезгілдерінің ерекшеліктері туралы айту. Қыс мезгілдерінің айларын жаттату.	Топтағы балалармен жүргізу
20.12.2023ж			«Қолғаптың сыңарын тап» Шарты: аққаланың қолы тонбас үшін пішіндері бар қолғаптарды сыңарымен қою. Қандай пішін екенін атап айту.	Топтағы балалармен жүргізу
21.12.2023ж			«Қар жинау» Шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Жерде шашылып жатқан қарды әр топ өздерінің шелегіне салады. Көп қар жинаған топ жеңіске жетеді.	Топтағы балалармен жүргізу
22.12.2023ж			«Аққаланы құрастырайық» Шарты: балалар аққала қиындыларын рет – ретімен қойып құрастырады. Ең бірінші қандай пішінді қойдың? (дөңгелек).	Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Қоянды тамақтандыр»

Шарты: Балаға қоян мен сәбіздер беріледі. Балалар сол сәбіздерді қолдану арқылы қоянды тамақтандыра-ды. Қоянды тамақтандырып болғаннан кейін бала қоянның неше сәбіз жегенін санап айтуы қажет.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
25.12.2023ж	«Қош келдің, Жаңа жыл!»	Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту.3 бөліктен тұратын кесінді суреттерден Жаңа жыл белгілерін құрастыру (шырша, аяз ата, қар, тәтті кәмпиттер, сыйлықтар).Қиялдау,елестету дағдыларын дамыту.	Қыс мезгілінде болатын мерекелермен таныстыру. «Қыс» тақырыбы бойынша тақтадағы суретті әңгімелеу.	Топтағы балалармен жүргізу
26.12.2023ж			«Суретті аяқта» Шарты: Балаларға жартылай бөлікке бөлінген суреттер беріледі. Суретті құрастырып,аяқтап не бейнеленгенін айтады.	Топтағы балалармен жүргізу
27.12.2023ж			«Кәмпит» Шарты: балаларға әртүрлі кәмпиттер таратылады. Ал, балалар сол кәмпиттің сыңарларын табады.	Топтағы балалармен жүргізу
28.12.2023ж			«Шыршаны безендір» Шарты: Педагог шыршаны балаларға таратып береді де оны ойыншықтармен безендіруді ұсынады.	Топтағы балалармен жүргізу
29.12.2023ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Эмоцияны көрсет» ойыны

Мақсаты: балаларды эмоцияны анықтауға және білдіруге үйрету.

Балаларға колобоктардың біреуі көрсетіледі,ал балалар сондай эмоцияны қайталап көрсетеді.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
03.01.2024ж	«Орманға саяхат»	Орман жануарлары туралы түсініктерін байыту. Оларды бір-бірінен ажырата білуге және дұрыс атауға үйрету. Жабайы жануарлардың кейбір ерекшеліктерін салыстыру және мекені, қоректену туралы түсінік беру. Орман жануарларының дыбыстауларын естіп қабылдау арқылы ажыратуға үйрету.	Орман жануарларымен таныстыру. «Аңдардың балаларын тап» Шарты: бірінші аңдардың балаларымен танысады. Содан кейін балаларын тауып, орналастырады.	Топтағы балалармен жүргізу
04.01.2024ж			«Не артық?» Шарты: орман жануарларының арасынан артық затты тап және қандай зат екенін атап айт. «Дауысынан таны» Шарты: орман жануарларының дауыстары қосылып, таныстырылады. Дауыстары қосылған кезде қай жануардікі екенін айтылады.	Топтағы балалармен жүргізу
05.01.2024ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Силуэт табу»

Шарты: ақ қағазға бірнеше ойыншықтың, пішіннің іздері салынады. Содан кейін балалардың қолына ақ қағазда ізі бар ойыншықтар мен пішіндер беріледі.

Балалар сол берілген заттарды ақ қағазға іздерін тану арқылы орналастырады.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
08.01.2024ж	«Азық-түліктер»	Балаларға азық-түлік туралы түсінік беру. Азық-түлік түрлерін қолдарына ұстап, сипай отырып қандай пішінге ұқсайтынын ажырату. Тамақтарды температуралық белгісі бойынша салыстыру.	Азық-түліктермен таныстыру.	Топтағы балалармен жүргізу
09.01.2024ж			«Ыстық, суық» Шарты: суреттер көрсетілген тамақты температуралық белгісі бойынша екі ыдысқа бөледі.	Топтағы балалармен жүргізу
10.01.2024ж			«Сиқырлы дорба» Шарты: дорбаның ішінен бір затты таңдап, соны сипаттау керек және қандай зат шыққанын атап айту керек.	Топтағы балалармен жүргізу
11.01.2024ж			«Дүкен» Шарты: сурет бойынша дүкендегі заттармен танысулары қажет. Атын атап, сөздерді жаттайды.	Топтағы балалармен жүргізу
12.01.2024ж			Ас әзірлеу «Манты» Шарты: тағамға керекті заттармен танысады және көрсетіледі. Ермексаздың көмегімен сол тағамды жасап көреді.	Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма:

Дыбыстық жаттығу: Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын айтайық.

Балаларға үй жануарларының суреті көрсетіледі, балалар сол үй жануарының қалай дыбыстайтынын айтады.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
15.01.2024ж	«Үй құстары»	Үй құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту және пайдасы туралы айту. Суреттер, ұнтаспа, дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. -Суретке қарай отырып, үй құстарымен танысайық.	Үй құстарымен таныстыру. Атын атауға үйрету.	Топтағы балалармен жүргізу
16.01.2024ж			«Үй құстарын тауып ата» Шарты: балаларға әртүрлі суреттер беріледі. сол суреттердің арасынан үй құстарын тауып алып, атап айтады.	Топтағы балалармен жүргізу
17.01.2024ж			«Ажыратайық» Шарты: балаларға үй құстарымен дала құстарының суреті беріледі. Сол құстардың ішінен үй құстарын ажыратып, үйлеріне орналастырады.	Топтағы балалармен жүргізу
18.01.2024ж			«Қай құс жоқ?» Шарты: балаларға 3 үй құсының суреті көрсетіліп, таныстырылады. Содан кейін 1 үй құсының суреті жасырылады. Балалар жоқ құсты табады.	Топтағы балалармен жүргізу
19.01.2024ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: Моншақтарды түстеріне сәйкес ыдысқа бөліп салу
Екі қолдың да бағдарлауын арттырады. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды. Ұсақ моториканы дамытады, зейінін тұрақтандырады, түсті ажыратуға, қабылдауға көмектеседі. Қолдың бұлшық еттерін бекітеді.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
22.01.2024ж	«Әйгерім қуыршақ»	Балаларды өлшемі бірдей моншақтарды тізбектеп жіпке өткізуді үйрету. Түстер мен пішіндер ажырата білу. Саусақ ұштарының моторикасын дамыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қолданылған сөздерді түсіндіріп, жаттату.	Топтағы балалармен жүргізу
23.01.2024ж			«Моншақ жасайық» Шарты: Балаларға бау және моншақ беріледі. Содан соң балалар қызыл түсті бауға қызыл түсті моншақты тізеді, сары түсті бауға сары түсті моншақты тізеді, көк түсті бауға көк түсті моншақты тізеді, жасыл түсті бауға жасыл түсті моншақты тізеді.	Топтағы балалармен жүргізу
24.01.2024ж			«Дұрыс көрсет» Шарты: балаларға қызыл, сары, жасыл, көк түсті пішіндер және моншақтар беріледі. Балалар пішіннің түсіне сәйкес келетін моншақтарды пішіннің ыдысына жинайды.	Топтағы балалармен жүргізу
25.01.2024ж			«Қонақ күту» Шарты: балаларға қалай қонақ күту керек екені түсіндіріледі. Үлгі бойынша балалар дастархан жаяды.	Топтағы балалармен жүргізу
26.01.2024ж			-Балаларға өткен сабақ бойынша сұрақтар қойылып, бағаланады.	Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: Дәнді дақылдармен ойын

Шарты: балаларға әртүрлі пішіндегі дәнді дақылдар беріледі. Балалар бірдей пішіндегі дәнді дақылдарды бөліп, әрқайсысын бөлек ыдыстарға салады.

Мақсаты: ұсақ саусақ моторикасын дамытады, агрессияны басады, қолдың бұлшықеттерін бекітеді. Есте сақтау қабілетін дамытады. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді.

Күннің II жартысында дефектологтың тәрбиешілерге тапсырмасы

Күні, айы, жылы	Аптадағы тақырып	Мақсаты	Сөздік жұмыстарға мән беру	Балалардың аты-жөні (топпен немесе жеке жүргізу)
29.01.2024ж	«Көліктермен танысайық»	Көлік түрлерімен танысу. Көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып (жерде, суда, әуеде), атқаратын қызметін білуге үйрету. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көліктер арасындағы кеңістіктік қатынастармен (жоғарыда, төменде) танысу.	Көлік түрлерімен таныстыру. Аттарын атап айтқызу. «Өз гаражын тап» Шарты: көліктің түсіне сәйкес гаражға көлікті орналастырады. Дамытушы ойын: «Дөңгелегін сәйкестендірейік» Шарты: балаларға дөңгелегі жоқ көліктер беріледі. Балалар түсіне сәйкес көліктің дөңгелегін сәйкестендіріп қояды. Дидактикалық ойын: «Қай көлік қайда жүреді?» Шарты: Педагог көлік түрлерін айтады. Балалар көліктердің жүру бағытын көрсетеді. Жеке жұмыс «Артығын тап» Суреттегі артық суретті қоршайды.	Топтағы балалармен жүргізу
30.01.2024ж				Топтағы балалармен жүргізу
31.01.2024ж				Топтағы балалармен жүргізу
01.02.2024ж				Топтағы балалармен жүргізу
02.02.2024ж				Топтағы балалармен жүргізу

Қосымша тапсырма: «Ойыншықтар»

Шарты: 3 санына сәйкес келіп тұрған ойыншықтарды санап, себетке саламыз.